

«ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫ - 2023» ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1 Бұл Ереже кітапхана мамандарының облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
- 1.2 Байқау кітапхана мамандарының шығармашылық қабілеттерін дамытуды, теориялық білімдері мен тәжірибелік шеберліктерін тереңдетуді, облыстың білім берудің беделін көтеруді жүзеге асырады.
- 1.3 Байқау өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» заңын, ҚР «Еңбек Кодексі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығы, (13.05.2021ж. № 211); (07.08.2023ж. № 250) бұйрықтары өзгерістермен; Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының Жарғысына басшылыққа алады.
- 1.4 Байқау білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
- 1.5 Бұл ереженің қолдану мерзімі 2023 жылдың 30 қарашасына дейін.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ:

2.1 Мақсаты:

Кітапханашылардың шығармашылық әлеуетін және кәсіби шеберлігін дамыту, кітапхананың беделін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істейтін кітапханашыларды көтермелеу және ынталандыру.

2.2 Міндеттері:

- Кітапхана мамандарының шығармашылық белсенділігін, кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға ынталандыру;
- кәсіби біліктілігі жоғары кітапханашыларды анықтау және іс-тәжірибесін тарату;
- шығармашыл кітапханашыларды қолдау;
- жұртшылықтың оның жұмысын тануын арттыру;
- кітапхана мамандығының мәртебесін көтеру;
- жаңашыл кітапханалық жұмыстардың таралуына қолдау көрсету;
- дәстүрлі оқуды сақтай отырып, кітап оқуға құштар ету;
- кітап пен оқудың мәртебесін көтеру.

2.3 Принциптері:

- Адалдық;
- әділдік;
- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- жариялылық.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ОРГАНДАРЫ

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық білім беруді дамыту орталық директорының бұйрығы негізінде ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті). Ұйымдастыру комитетінің құрамына білім беруді дамыту орталығының директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кафедра әдіскерлері кіреді.
- 3.2. Облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры облыстық байқауды ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.
- 3.3. Құпиялылықты сақтау үшін байқау тапсырмалары ұйымдастыру комитетінің төрағасымен бекітіледі.

3.4. Ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың өткізу нысанын, тапсырмалардың түрлерін және бағалау әдістерін айқындайды;
- байқауды тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- байқаудың ғылыми-әдістемелік деңгейде өтуі үшін қазылар алқасы құрамын анықтайды, қазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;
- қазылар алқасы жұмысын ұйымдастырады;
- облыстық байқаудың қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, қазылар алқасының қорытындысы бойынша бұйрықтар мен шешімдердің жобаларын дайындауға қатысады, есеп береді.

3.5. Байқаудың тапсырмаларын әзірлеуді облыстық білім беруді дамыту орталығынан кафедра әдіскері жүзеге асырады;

3.6. Ұсынылатын тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

3.7. Тиісті кезеңдер өткенге дейін тапсырмалардың құпияда сақталуына жауап береді.

4. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Байқаудың қазылар алқасы: төрағадан (төрайымнан), хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының төрағасы (төрайымы) мен мүшелерін облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры (Ұйымдастыру комитетінің төрағасы) бекітеді.

Қазылар алқасының құрамына біліктілікті арттыру орталықтарының мамандары; ЖОО тәжірибелі кітапхана мамандары; облыстық «Фараб» кітапханасының өкілдері (келісім бойынша) кіреді.

4.2. Облыстық байқаудың қазылар алқасы:

- теориялық және практикалық тапсырмаларды тексереді, олардың нәтижелерін бағалайды;
- ұйымдастыру комитетіне байқаудың қорытындысы туралы есеп тапсырады;
- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- байқау қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді;
- апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарайды және шешім қабылдайды;
- қазылар алқасы қажет болған жағдайда тиісті жұмысты қайта қарайтын болады;
- кворум талаптары сақталмаған жағдайда байқауды өткізбеу жөнінде шешім қабылдайды.

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Аудандық қалалық білім беру ұйымдары үшін:

облыстық байқауға 17 ауданнан аудандық (қалалық) кезеннің 1 жеңімпаздарынан қатысады, жалпы қатысушылар саны - 17.

Сонғы 3 жылдағы байқау жүлдегерлері байқауға қатыса алмайды. Сонымен қатар еңбек өтілі 3 жылдан кем емес кітапханашылар қатыса алады.

5.2. Байқау II кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең – аудандық (қалалық) - 2023 ж. 15-20 қараша;
екінші кезең – облыстық кезең - 2023 ж. 30 қараша;

5.3. Байқауды өткізу үшін қатысушылардың кворумы жалпы санының үштен екі санынан кем болмауға тиіс.

2.1 Байқау штаттық режимде (санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сақтай отырып, офлайн жүйесінде) өткізіледі.

Жоғарыда көрсетілген облыстық байқау 2 турдан тұрады:

1 тур - «Креативті кітапханашы» тақырыбымен мамандар өздерінің жанашыл шығармашылығымен таныстырады. (Орындау уақыты - 20 минут).

2 тәр - «Қызылорда - оқырмандық - білім» қоғамдастығы жұмысымен жүргізіледі.
(Сұрақтар саны - 20 жауап)

6. БАЙҚАУ А ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 6.1 Байқауға қатысушы қатыналар аласының шешімімен келісетін жағдайда, байқау қорытындысымен шешімімен келісетін жағдайда қатысушыға жіктеліне бекітіледі.
- 6.2 Байқауға қатысушылар белгілі бір уақыттан кешігіп келуі және байқау кезінде алынатын нұсқалардан сыйақы қабылдауы.
- 6.3 Қатысушылар байқау ұйымдастырушылары мен қатыналар аласының шешімімен келісетін сұрақтар мен бейне тасымал түсіріне болмайды.
- 6.4 Қатысушыларға аудиторға ұқсас телефонмен кіріне ұйым салынады.
- 6.5 Байқауда тыйым салынған қосалма ресурстарды пайдаланғы үшін байқаудан бекітіледі.

7. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖҮДДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

- 7.1 Байқаудың аяқталуы, қорытындысының шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.
- 7.2 Облыстық байқау жүлдегерлері қатыналар аласының шешімімен аудандық қазылар кеңесімен бірігіп, І орын (бірі), ІІ орын (екі), ІІІ орын (үшеу) дәрежелі дипломдарымен марапатталады.
- 7.3 Байқаудың жеңімпаздары қатыналар аласының шешімі шыққан күні 2023 жылдың 30 қарашасында.
- 7.4 апелляциялық жағдайда шешімі шыққан күні 2023 жылдың 30 қараша күні, шешімді жариялағаннан кейін екі сағат ішінде.
- 7.5 т.б. жағдайларда қатыналар аласының шешімі шыққан күні марапатталады.

8. БАЙҚАУ А ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

- 8.1 Облыстық байқауға қатысу үшін 2023 жылдың 20 қарашадан кешіктірмей АҚ АҚДБ басшысының мәрімен бекітілетін сұрағнасты (кестеге сәйкес) aknural_2165@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

№	Кітапхана маманының аты-жөні, тегі	Аудан, мектебі	Пайызы	Кітапхана сәтасы бойынша жұмыс өтілі	Ғалы электронды поштасы	телефоны
1						

8.2. ӨТКІЗУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ: «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы; «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» республикалық жобасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары.

ҚҮТІЛЕТІН НӘТІЖЕ: облыс бойынша үздік, білімді кітапхана мамандары анықталады. мәртебесі артады.

Кітапхана менгерушісі: Г. Сейдуалиева

Кітапханашы: Ж. Асанова